

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясаты

«Самұрық-Қазына»  
ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2021 жылғы 27 мамырдағы  
бетпе-бет отырысының  
№ 185 хаттамасына № 3 қосымша

**«Самұрық-Қазына» АҚ-ның аудиторлық  
ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясаты**

**Нұсқа: 2.0**

**Иесі: Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік департаменті**

**Әзірлеуші: А.Ж. Әбдірахманова**

**Нұр-Сұлтан, 2021**

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы «Самұрық-Қазына» АҚ аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатының (бұдан әрі – Саясат) мақсаты аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда), аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін аудиторлық ұйымды тарту бойынша біріздендірілген рәсімдерді енгізу, «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) аудиторларының аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсыну кезінде тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

2. Саясатта қарастырылған негізгі ережелер Қорға аудитордың объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне нұқсан келтірмей белгілі бір аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін аудиторларды тарту мүмкіндігін береді.

Қордың еншілес ұйымдары осы Саясаттың ережелерін ескере отырып, аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы өз саясатын әзірлейді.

3. Саясатта үнемі қолданылуы және сақталуы керек бірқатар нұсқаулар мен рәсімдер бар.

4. Осы Саясатта пайдаланылатын анықтамалар мен қысқартулар:

### **Аудитор**

- жасалған шарт негізінде Қордың аралық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне шолу жүргізуді қоса алғанда, Қордың шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша қызметтер көрсететін аудиторлық ұйым.

### **аудиторлық ұйым**

- аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым (аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметпен айналысу құқығы бар).

### **аудиторлық қызметтер**

- Қордың аралық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне шолу жүргізуді қоса алғанда, Қордың шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргізу жөніндегі қызметтер.

<b>Топ</b>	- Қор және оның еншілес ұйымдары.
<b>еншілес ұйым</b>	- «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» 10 ХҚЕС-ке сәйкес еншілес ұйым ретінде айқындалатын Қордың еншілес ұйымы.
<b>Заң</b>	- «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
<b>Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексі</b>	- Халықаралық бухгалтерлер федерациясының бухгалтерлерге арналған Этика стандарттары жөніндегі комитеті шығарған кәсіби бухгалтерлерге арналған этикалық талаптар (Этика стандарттары) жиынтығы.
<b>Аудит жөніндегі комитет</b>	- Қордың Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті.
<b>мүдделер қақтығысы</b>	- аудиторлық ұйымның қызығушылығы оның аудиттелетін субъектінің қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай.
<b>аудиторлық емес қызметтер</b>	- Аудитор көрсететін жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті және/немесе аралық аудиторлық шолуы болып табылмайтын қызметтер.
<b>Жауапты құрылымдық бөлімше</b>	- бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті дайындауға жауапты Қордың құрылымдық бөлімшесі.
<b>Есепті жыл</b>	- қаржы жылы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін.
<b>Тізбе</b>	- Қордың бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті

дайындауға жауапты құрылымдық бөлімшесі айқындаған Топқа аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсететін аудиторлық ұйымдардың тізімі.

**Басқарма**

- Қор Басқармасы.

**Ішкі аудит қызметі**

- Қордың ішкі аудит қызметі.

**Директорлар кеңесі**

- Қордың Директорлар кеңесі.

**Шектеу сомасы**

- алдыңғы қатарынан үш есепті жыл ішінде Аудитор Топқа көрсеткен аудиторлық қызметтерге арналған шығыстардың орташа сомасының 50%-ынан аспайтын әрбір Есепті жылға арналған есептік сома, ол Аудитор көрсететін аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстардан аспауы тиіс.

**қаржылық есептілік**

- шоғырландырылған және/немесе жеке қаржылық есептілік.

## **2-бөлім. Аудиторды таңдау**

5. Аудиторлық ұйымды таңдау кезінде қолданылатын негізгі өлшемшарттар:

1) қызмет көрсету тәсілі:

- Қордың ерекшеліктері мен талаптарына қатысты аудиттің әдіснамасы мен стратегиясы;

- жұмысты үйлестіру және бақылау;

- аудит жүргізу мерзімі;

- Аудит жөніндегі комитеттің басшылығымен және мүшелерімен жұмыс істеу тәсілі;

- ішкі аудит қызметтерімен өзара әрекеттесу тәсілі;

- есепке алу бойынша күрделі және стандартты емес техникалық мәселелерді шешу амалдары мен тәсілдері;

- аудиттің нәтижелілігін тұрақты жетілдіру және арттыру бойынша міндеттемелер.

2) жобалау командасының құзыреті:

- аудиттің сапасын және мерзімдерін сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті біліктілік пен ресурстардың болуы;

- салалық тәжірибе, оның ішінде ұқсас ауқымдағы клиенттерге қызмет көрсетудің практикалық тәжірибесі.

3) қызметтердің сапасы:

- аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейі;

- қазақстандық және халықаралық нарықта аудиторлық ұйым мамандарының жұмыс тәжірибесі;

- сала бизнесін білу (аудиторлық ұйымның белгілі бір салада клиенттері неғұрлым көп болса, соғұрлым ол осы саланың мәселелерін жақсы біледі және проблемаларды шешудің оңтайлы нұсқаларын тез табады);

- Қазақстанда мамандандырылған техникалық қолдау тобының (ХҚЕС-ке сәйкес есепке алу мәселелері бойынша сарапшылардың) болуы немесе аудиторлық ұйымның осындай топты құру туралы міндеттемені ұсынуы;

- қызмет көрсетудегі жеделділік;

- кемшіліктерді анықтау және қаржылық есептілікті дайындау процесі бойынша ішкі бақылауды жетілдіру бойынша ұсынымдар беру жөніндегі жұмыстың тиімділігі.

4) аудиторлық ұйымның аудиттің халықаралық стандарттарын, Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы заңнамасын, Халықаралық бухгалтерлер федерациясының кәсіби бухгалтерлер әдеби кодексін сақтауы;

5) қазақстандық та, халықаралық нарықтағы да оң бедел;

6) қызметтер көрсетуге бөлінетін жұмыс уақытының ұзақтығы және қызметтер құны;

7) тәуелсіздік және мүдделердің ықтимал қақтығыстары:

- ықтимал қақтығыстар және оларды шешу тәсілі (соның ішінде тікелей бәсекелестер үшін орындалатын жұмыс сипаттамасы);

- әріптестерді ротациялау және жобалық топ мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау міндеттемелері мен тәсілдері;

- сапаны бақылау және клиенттің қанағаттануын бағалау жүйесінің сипаттамасы.

6. Аудиторды таңдау рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

### **3-бөлім. Аудиторлық емес қызметтерді жіктеу**

7. Аудитор Топқа белгілі бір аудиторлық емес қызметтерді ұсына алады. Бұл ретте Қор аудитпен байланысты емес белгілі бір қызметтерді ұсыну және аудиторлық емес қызметтер үшін сыйақы деңгейі мүдделер қақтығысына немесе объективтіліктің нақты/болжамды жоғалуына әкелуі мүмкін деп есептейді.

8. Аудиторлық ұйымның әлеуетті қызметтерінің әрқайсысын Қор мынадай санаттардың біріне жіктейді:

**А санаты:** Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікке ықпал етуі мүмкін және Аудитор Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент еншілес ұйымы тіркелген елдің заңнамасының талаптарына сәйкес ұсынуы тиіс аудиторлық емес қызметтер. А санатындағы аудиторлық емес қызметтерді көрсету Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып жүргізіледі. А санатындағы аудиторлық емес қызметтер осы Саясаттың 10-тармағында көрсетілген Шектеу сомасын сақтауды талап етпейді.

**В санаты:** Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікке әсер етуі мүмкін және Заңға сәйкес және Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып Аудитор бере алатын аудиторлық емес қызметтер. В санатындағы аудиторлық емес қызметтер осы Саясаттың 10-тармағында көрсетілген Шектеу сомасын сақтауды талап етеді.

**С санаты:** Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікті жоғалтуға әкеп соғатын және Заң мен Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген басқа да шектеулерге сәйкес тыйым салынған қызметтер болып саналатын аудиторлық емес қызметтер.

9. Қорға/Қордың еншілес ұйымына А және В санаттарына жататын аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін Аудитор Аудит жөніндегі комитеттің рұқсатын алуға міндетті.

10. Есепті жыл ішінде Аудитор Топқа көрсеткен В санатындағы аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстардың жалпы сомасы алдыңғы қатарынан үш Есепті жыл ішінде Аудитор Топқа көрсеткен аудиторлық қызметтерге арналған шығыстардың орташа сомасының 50%-ы ретінде есептелетін Шектеу сомасынан аспауы тиіс.

11. Қор С санаты бойынша қызмет көрсету үшін Қордың міндетті аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды тартпайды.

#### **4-бөлім. Санаттар бойынша аудиторлық қызметтердің тізбесі**

12. А санатындағы аудиторлық емес қызметтерге мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті немесе реттеуші орган талап ететін есептілік;

- Қазақстан Республикасының бейрезидент еншілес ұйымы тіркелген және орналасқан елдің заңнамасында талап етілетін есептілік;

- Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті еншілес ұйым тіркелген және орналасқан елдің заңнамасында талап етілетін ішкі қаржылық бақылау туралы есептілік;

- Құзыретті немесе реттеуші органдар талап ететін немесе егер құзыретті немесе реттеуші орган қызмет көрсету үшін Аудиторды айқындаса не Қорға/еншілес ұйымға Аудитор осы қызметтерді көрсету үшін таңдалуы тиіс екенін көрсетсе, осындай органдарға ұсынылатын есептер;

- Қорға/еншілес ұйымға Қазақстан Республикасының немесе еншілес ұйым тіркелген және орналасқан елдің заңнамасында талап етілетін

міндеттемелерді орындауға көмек көрсетуге тиіс қызметтер, егер: мұндай қызметтерді ұсыну уақытында қатаң шектелген, мұндай қызметтердің мәні бағаға сезімтал және бейтарап, әділ және ақпараттандырылған үшінші тарап қаржылық есептілік аудитінің мақсаттары үшін Аудитор алған Қордың/еншілес ұйымның қызметін түсіну осы қызмет үшін маңызды және қызметтің сипаты Аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндірмейтін кезде қорытындыға келді.

13. В санатындағы аудиторлық емес қызметтерге мыналар жатады:

- кредиттік келісімдер бойынша есептілік (заңнамада талап етілетіндерді қоспағанда);
- Қордың/еншілес ұйым басшылығының тапсырмасы бойынша көрсетілетін қаржылық ақпарат/қаржылық бақылау бөлігінде кеңейтілген аудиторлық рәсімдерді көрсету жөніндегі қызметтер, егер бұл жұмыс көрсетілетін аудиторлық қызметтермен интеграцияланған болса және сол негізгі шарттарда орындалатын болса;
- Қор немесе еншілес ұйым басшылығының тапсырмасы бойынша көрсетілетін маңызды еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігіне қатысты қосымша аудиторлық рәсімдерді жүргізу жөніндегі қызметтер;
- заңнамада немесе бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарында болған өзгерістерді талдауды ұсыну жөніндегі қызметтер;
- салықтық консультациялар беру жөніндегі қызметтер;
- компанияларды қосу және қосып алу жөніндегі мәмілелерді сүйемелдеу жөніндегі қызметтер;
- инвестициялық келісімдер мен проспектілер шеңберінде дайындалатын Қордың/еншілес ұйымның жария есептілігіне қатысты аудиторлық және басқа да қызметтер;
- инвестициялық келісімдер немесе проспектілер шеңберінде Қордың/еншілес ұйым басшылығының есептілікті растау/дайындау немесе ақпаратты ашу жөніндегі қызметтер;
- Қордың/еншілес ұйымның қаржы ұйымынан ерекшеленетін есептілігін растау жөніндегі қызметтер (қоршаған орта бойынша есептілік, орнықты даму бойынша есептілік және т.б.).

14. С санатындағы аудиторлық емес қызметтерге мыналар жатады:

- кейінге қалдырылған салықты қоса алғанда, салықтарды есептеуге және/немесе есептіліктің салықтық нысандарын дайындауға байланысты салық қызметтері;
- салық органдарына тексеру жүргізу кезінде сүйемелдеу көрсету жөніндегі қызметтер;
- Қорды басқаруға қатысуға немесе басқару шешімдерін қабылдауға байланысты қызметтер;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау жөніндегі қызметтер;
- Қор қызметкерлеріне жалақы есептеу және төлеу жөніндегі қызметтер;

- қаржылық ақпаратты дайындаумен және/немесе бақылаумен байланысты ішкі бақылау немесе тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және енгізу немесе қаржылық ақпараттық технологиялар жүйелерін әзірлеу және енгізу жөніндегі қызметтер;

- бағалау, оның ішінде актуарлық міндеттемелерді немесе Қордың сот талқылауларына байланысты міндеттемелерді жүргізу жөніндегі қызметтер;

- заң кеңесшісінің қызметтерін қоса алғанда, заң қызметтері, Қор атынан келіссөздер жүргізу, сот дауларын шешуде Қор мүдделерін қорғау;

- Қордың ішкі аудитін жүргізу жөніндегі қызметтер;

- комплаенс саласындағы қызметтер;

- Қор шығарған бағалы қағаздар проспектілеріне қатысты кепілгерлік хаттарды шығару сияқты қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық қызметтерді ұсынуды қоспағанда, капиталды қаржыландыруға, құрылымына және бөлуге, сондай-ақ Қордың инвестициялық стратегиясына байланысты қызметтер;

- Қордың акцияларын жылжытуға, сатуға немесе андеррайтингке қатысты қызметтер;

- Қордың бухгалтерлік есебін жүргізуге және қаржылық есептілігін дайындауға әсер ететін басшылық позицияларына персоналды іздеу және тестілеу жөніндегі қызметтер;

- Қордың ұйымдық құрылымын айқындау жөніндегі қызметтер;

- Қордың шығындарына бақылау жүргізу жөніндегі қызметтер.

### **5-бөлім. Аудиторлық емес қызметтерді бекіту**

15. Аудитор Қорға/еншілес ұйымға А және В санаттарындағы аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге мүдделі болған жағдайда, Аудитор Аудит жөніндегі комитетке осындай қызметті көрсетуге рұқсат беруге сұрау жібереді. Сұрау аясында Аудитор кем дегенде келесі ақпаратты көрсетуі керек:

1) қызметтің толық сипаттамасы;

2) болжамды қызметтер көрсетуге байланысты төленуге жататын күтілетін сыйақы;

3) рұқсат алу Аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндірмейтіндігінің себептерін көрсете отырып, осы қызметті көрсету кезінде тәуелсіздікті талдау;

4) осы қызметті көрсету кезінде мүдделер қақтығысының болмауын растау;

5) осы Саясаттың ережелеріне сәйкес аудиторлық емес көрсетілетін қызметтің болжамды сыныптамасын да қамтуы тиіс.

16. Аудитор Қорға/еншілес ұйымға В санатындағы аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге мүдделі болған жағдайда Аудитор Аудит жөніндегі комитетке алдыңғы қатарынан үш жыл ішінде топқа Аудитор көрсеткен аудиторлық қызметтер үшін есептелген және төленген сыйақы бойынша ақпаратты қосымша ұсынуы тиіс.

17. Аудит жөніндегі комитет Аудитордың сұрау салуын қарайды, аудиторлық емес қызмет жіктемесінің дұрыстығын тексереді және Аудиторға



аудиторлық емес қызмет көрсетуге рұқсат беру/бермеу туралы шешім қабылдайды. Аудит жөніндегі комитеттің шешімі Аудиторға жіберіледі.

18. Осы Саясаттың 17-тармағы бойынша Аудит жөніндегі комитет қабылдаған шешімдер Директорлар кеңесіне мәлімет үшін ұсынылады.

### **6-бөлім. Аудиторлық ұйымның аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуі кезіндегі мүдделер қақтығысы**

19. Сатып алу және аудиторлық қызметтерді алу рәсімдерін жүргізу кезінде Қор аудиторлық ұйым үшін тәуелсіздік қаупінің туындау мүмкіндігін қарастыруы тиіс:

1) осы аудиторлық ұйымнан бұрын алынған көрсетілетін қызметтердің сипатына қатысты қолданылмайды;

2) қаржылық есептілікте қамтылатын кезең ішінде немесе одан кейін осы аудиторлық ұйыммен қаржылық немесе іскерлік қатынастарға қолданылмайды.

Аудиторлық ұйым үшін өзін-өзі бақылау қатерін болдырмау немесе оны қолайлы деңгейге жеткізу үшін Қор шаралар қабылдамаған немесе қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, Қор осындай аудиторлық ұйымнан аудиторлық қызметтер ала алмайды.

20. Заңда қарастырылған жағдайларда аудиторлық ұйымға аудиторлық қызметтер көрсетуге тыйым салынады.

21. Қор аудиторлық ұйымнан алатын қызметтер құрылуы мүмкін объективтілік пен құпиялылық қағидаттарын бұзбауы тиіс:

1) аудиторлық ұйымның қатысушылардың көпшілігі Қордың бәсекелестері болып табылатын бірлескен кәсіпорындары немесе ұқсас бірлестіктері болған кезде;

2) аудиторлық ұйым Қорға және мүдделері қайшылықты немесе мәселелер, операциялар және проблемалар бойынша бір-бірімен пікірсайыс және пікірталас жағдайында болатын басқа да ұйымдарға қызмет көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

### **7-бөлім. Мерзімді есеп беру**

22. Жыл сайын, Есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейінгі мерзімде еншілес ұйымдар Жауапты құрылымдық бөлімшеге аудиторлық ұйымдар көрсеткен және алдыңғы есепті жылдағы жиынтық кіріс туралы есептің құрамында көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстар туралы ақпаратты осы Саясаттың қосымшасына сәйкес ұсынады. Ақпаратты ұсыну рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі қағидалармен регламенттелген.

Аудиторлық ұйымдар көрсеткен және алдыңғы Есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы есептің құрамында көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес

қызметтер бойынша шығыстар туралы еншілес ұйымдар ұсынатын ақпарат олардың аудиторлық ұйымдармен алдын ала келісуі тиіс.

23. Жыл сайын, Есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуіріне дейінгі мерзімде жауапты құрылымдық бөлімше Тізбені айқындайды және Тізбеге енген аудиторлық ұйымдарға осы Саясаттың қосымшасына сәйкес Топқа аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден есептелген кірістер туралы ақпаратты ұсыну қажеттігі туралы ресми сұрау салуды жібереді.

24. Жауапты құрылымдық бөлімше еншілес ұйымдар ұсынған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексеруді және Есепті жыл ішінде Топқа аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсететін еншілес ұйымдар мен аудиторлық ұйымдардың деректерін салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

25. Қордың бухгалтерлік есеп және сыртқы Аудитормен өзара іс-қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директоры Есепті жылдан кейінгі 31 мамырдан кешіктірілмейтін мерзімде алдыңғы Есепті жыл үшін ақпаратты қамтитын есепті қарауға Аудит жөніндегі комитетке ұсынады, оның ішінде:

- 1) Аудитордың Топқа көрсеткен аудиторлық қызметтерінің көлемі;
- 2) Аудитор Топқа көрсеткен аудиторлық емес қызметтердің көлемі (аудиторлық емес қызметтердің түрлері бойынша бөлінген).

26. Сондай-ақ бухгалтерлік есеп және сыртқы Аудитормен өзара іс-қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін Қордың басқарушы директоры Аудит жөніндегі комитетке Қордың корпоративтік интернет-ресурсында мынадай ақпаратты қарауға және жариялауға ұсынады:

- 1) алдыңғы Есепті жыл үшін аудиторлық қызметтер көрсеткені үшін Қор Аудиторға төлеген сыйақы;
- 2) алдыңғы Есепті жылы аудиторлық емес қызметтер көрсеткені үшін Қор Аудиторға төлеген сыйақы (аудиторлық емес қызметтердің түрлері бойынша бөлінген).

27. Аудит жөніндегі комитет жариялау туралы шешім қабылдағаннан кейін Жауапты құрылымдық бөлімше Есепті жылы Аудитор Қорға көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты Қордың интернет-ресурсында ақпаратты орналастыруға жауапты Қордың құрылымдық бөлімшесіне жібереді.

### **8-бөлім. Жоба бойынша серіктесті ротациялау**

28. Қор Аудитордан әрбір 5 (бес) жыл сайын жоба бойынша (аудит үшін негізгі жауапкершілікті мойнына алатын) серіктесті ротациялау қағидатын ұстануды талап етуі тиіс.

29. Осы нәтижеге қол жеткізу жөніндегі сабақтастық жоспарын Аудитор әзірлеп, Аудит жөніндегі комитетке және сыртқы Аудитормен бухгалтерлік есеп және өзара іс-қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін Қордың басқарушы директорына ротация жүргізілгенге дейін кемінде бір жыл бұрын қарау үшін ұсынуы тиіс.

### **9-бөлім. Аудитор жұмыскерлерін Қорға жұмысқа қабылдау**

30. Егер Қордың міндетті аудитіне Аудитордың жұмыскері ретінде қатысатын немесе Қордың міндетті аудитіне Аудитордың жұмыскері ретінде қатысқан адамды Қорға тағайындаған (сайлаған) күннің алдындағы екі жыл ішінде Қордың Басқарма мүшесі, басқарушы директоры, бас бухгалтері немесе Ішкі аудит қызметінің басшысы лауазымына тағайындау (сайлау) көзделетін жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында оны тағайындау (сайлау) туралы мәселені одан әрі қарау үшін ұсынылып отырған кандидат бойынша Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

### **10-бөлім. Аудитордан жыл сайынғы растау**

31. Аудитор жылына кемінде бір рет Аудит жөніндегі комитетке мыналарды растайды:

- Аудитордың тәуелсіздігі сақталды;
- Аудитор мен оның серіктестерінің Топқа кіретін компанияларда ешқандай қаржылық мүдделері жоқ;
- Аудиторлық топ мүшелерінің Қорда ешқандай қаржылық мүдделері жоқ;
- осы Саясатта қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қор мен Аудитор арасында қызметтер көрсетуден басқа ешқандай өзге жағдайлар жоқ;
- Қор Аудиторға төлейтін сыйақының ешқандай бөлігі төтенше жағдайлардың туындауы негізінде төленбейді;
- Топқа әрбір көрсетілген қызмет бойынша Аудитор алған немесе алуы болжанатын сыйақының жалпы сомасы Аудитордың Қордан немесе Топтан қаржылық тәуелсіздігіне елеулі әсер еткен жоқ, оның шегі Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің (the ACCA Rules of Professional Conduct) Сертификатталған Алқаби Бухгалтерлері Қауымдастығының Кәсіби әдеп қағидаларына сәйкес аудитордың жалпы табысының 15 пайызынан аспауы тиіс;
- Қор мен Аудитор арасында ешқандай дау жоқ.

32. Аудит жөніндегі комитет жыл сайын Директорлар кеңесіне Аудитордың осы Саясаттың 31-тармағында аталған растауды бергенін растайды.

### **11-бөлім. Қорытынды ережелер**

33. Осы Саясаттың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылуға жатады.

34. Осы Саясат онда баяндалған талаптардың өзектілігіне мезгіл-мезгіл бағаланып отыруы тиіс.

35. Аудит жөніндегі комитет қажеттілігіне қарай осы мақсаттар үшін Ішкі аудит қызметін тарту мүмкіндігімен Саясат талаптарын сақтау мәселелерін қарайды.

**«Самұрық-Қазына» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына қосымша**

**Аудиторлық ұйым көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша сұрау салу нысаны**

№	Қордың ЕҰ атауы	Аудиторлық ұйымның атауы	Аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтердің атауы				Шарт валютасы	Жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген аудиторлық ұйымның қызметтер көрсетуінен болған шығыстар/кірістер (Аудитор үшін), ҚҚС-сыз, мың теңге		Жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген аудиторлық ұйымның қызметтер көрсетуінен шығыстар/кірістер (Аудитор үшін), ҚҚС-сыз, шарт валютасында		Түсіндірмелер		
			Аудиторлық қызметтер		Аудиторлық емес қызметтер			Есепті жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін)	Есепті жылдан кейінгі 2 (екі) жыл (жасалған келісімшарттар негізінде күтілетін)		Есепті жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін)		Есепті жылдан кейінгі 2 (екі) жыл (жасалған келісімшарттар негізінде күтілетін)	
			Шарттың нөмірі мен мерзімі	Аудиторлық қызметтің атауы (шолу /аудит/басқа)	Шарттың нөмірі мен мерзімі	Аудиторлық емес қызметтің атауы			20__ жыл (қаңтардан бастап желтоқсанға дейін)	20__ жыл (қаңтардан бастап желтоқсанға дейін)			20__ жыл (қаңтардан бастап желтоқсанға дейін)	20__ жыл (қаңтардан бастап желтоқсанға дейін)
	/атауы/	/атауы/										басқа түсіндірмелер		